



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

23 мамыр, 2018

Алматы

XV Еуразия Медиа Форумы барысында халықаралық қарым-қатынастағы «ғаламдық салқын леп» кезеңіндегі БАҚ-тың рөлі талқыланды

22-24 мамырда Алматыдағы The Ritz-Carlton қонақ үйінде мерейтойлық он бесінші Еуразия Медиа Форумы өтіп жатыр. Үш күнге созылатын басқосу бағдарламасы өзекті мәселелерді қамтып, сан алуан пікірталаста 50 халықаралық және қазақстандық сарапшылар - мемлекеттік қайраткерлер, саясаттанушылар мен БАҚ өкілдері спикер болады.

Форумның алғашқы күні Samruk-Kazyna Trust Әлеуметтік жобалар қорының ұйымдастыруымен «нон-стоп» режимінде таңғы 09.00-19.30 дейін авторлық шеберлік дәрістері өткізілді.

23 мамырда Медиа Форум ресми түрде ашылып, 4 отырыс өтті. Күн тәртібіне мынадай тақырыптар қойылды: елдердің халықаралық қарым-қатынасы, Еуропалық одақтың дамуы, ақпараттық технологиялар мен қоғамдағы сенім түйткілдері.

Форумның бірінші отырысында шетелдік және қазақстандық медиа-сарапшылар халықаралық қарым-қатынас эволюциясындағы БАҚ-тың рөлін сөз етті. Модератор болған RizKhan Productions компаниясының (БАӘ) басшысы Риз Хан осы жиын халықаралық қарым-қатынастардың «ғаламдық салқын леп» жағдайында өтіп жатқанын еске салды.

БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің басшысы Давид Чикваидзе террористер мен қылмыскерлердің қатысуымен қазіргі қақтығыстардың аралас сипат алғанына тоқталып, «Бұл халықаралық құрылымдарда жаңғырық тудырмай қоймайды. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі әлемдік державалар проблемаларды шеше алатын дипломатия тұрағы ретінде құрылған болатын», - деді.

Оның айтуынша, қазіргі бөлшектенген әлем жіті қадағалауды талап етеді. «Аймақтық ойыншылар мен елдердің пролиферациясының бүгінде әсері жоқ.

Ал Қазақстан жауапкершілігі зор және салиқалы елдердің бірі болып табылады. Ол халықаралық құрылымдарда жетекші рольге ие», - дейді Давид Чикваидзе.

Еліміздің сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов өз сөзінде Қазақстанның қақтығысқа тартылған немесе қарама-қайшылық жағдайында тұрған елдерге үлгі көрсетіп, әлем картасында қауіпсіз инвестициялап, жергілікті қонақжайлықтан рахат алуға болатын ашық мемлекет барын паш ету мүмкіндігіне ие екенін айтып өтті.

Италияның бұрынғы премьер-министрі Маттео Ренци халықаралық коммуникациялардың дамуы белгілі бір дәрежеде қатер төндіретінін ескертті.

«Әрбір дәуірдің өз мүмкіндіктері мен қауіп-қатері болады. Менің атам фашистерге қарсы күрессе, бүгін біз экстремизмге қарсы тұрамыз. Ал біздің балаларымыз, бәлкім, киберқатерге қарсы күресетін болар», - деді ол.

Сарапшылардың «бүгінгі күні БАҚ халықаралық қатынастарда маңызды роль атқарады» деген ойы бір арнада тоғысты. Өйткені медиа ресурстардың көмегімен әлемдегі толеранттылықты едәуір көтеруге болады.

«Соңғы 10-15 жылда дискриминация, лаңкестік әрекеттер өте көп болды. Сондықтан біз түрлі мәдениет пен діндерге өзара төзімді болу мәдениетіне тәрбиелеуге тиіспіз», - деді Ахмет бин Мұхаммед әл-Жарван, БАӘ ұлттық федералдық кеңесінің мүшесі, бейбітшілік пен толеранттық бойынша жаһандық кеңес президенті.

Еске сала кетейік, ЕАМФ тәуелсіз диалог платформасы 8 жылдан бері алғаш рет оңтүстік астанаға қайта оралып, 22-24 мамыр аралығында The Ritz-Carlton қонақ үйінде өтіп жатыр. Биылғы XV Еуразия Медиа Форумының тақырыбы - «Эволюцияның 15 жылы: құбылмалы дүние және бізге өзгеріс әкелген әлем». Бұл Форумның Қазақстан Республикасының сырттағы имиджін қалыптастыруда тиімді әрі заманауи құрал ретіндегі рөлінің өсіп жатқанын паш етеді.

XV Еуразия Медиа Форумының Бас серіктесі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Әлеуметтік серіктес - Samruk-Kazyna Trust Әлеуметті жобаларды дамыту қоры.

Еуразия Медиа Форумының ресми сайты – <http://eamedia.org/ru/>